**Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2341 Қаулысы

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 желтоқсандағы № 2341 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

### 1. Миссиясы мен пайымдауы

Миссиясы: Бәсекелестікті қорғау, монополистік қызметті шектеу, жосықсыз бәсекеге жол бермеу және мемлекеттік органдардың бәсекелестікті дамыту жөніндегі қызметін салааралық үйлестіру.

Пайымдауы: Адал бәсекелестікті дамыту үшін қолайлы жағдай қалыптастыруға бағытталған бәсекелестікті қорғаудың тиімді жүйесі.

### 2. Ағымдағы жағдайды талдау

Бәсекелі орта өнімділік өсімінің жетекші факторына жатады. Бәсекелестікті күшейту елдің экономикалық өмірін жақсарта, бизнес әлемінде азаматтарға жаңа мүмкіндіктер аша және экономиканың барлық салаларында тауарлардың және

қызметтердің құнын төмендете алады.

Бәсекелестікке жәрдемдесу саясаты және экономикалық процестерді монополияға қарсы реттеу Қазақстанның экономикалық дамуының басым бағыттарының қатарына кірді. 1997 жылы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына экономиканың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың, нығайтудың ұзақ мерзімді бағдарларының негізі қаланды. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың нарықтық тетіктері ретінде бәсекелес нарықтар мен монополияға қарсы реттеудің сенімді құралдарын құру айқындалды.

2008 жылы монополияға қарсы заңнама жетілдірілді, «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы қабылданды және 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді, ол тікелей қолданыстағы Заң болып табылады және сілтемелік нормалары жоқ. Тарифтік және бағалық реттеу бойынша функциялар Агенттіктен салалық реттеуіштерге берілді, ал қаржы нарықтарында бәсекелестікті қорғау функциялары Агенттікке берілді.

Бәсекелестікті дамытудың маңыздылығы дағдарыстың салдарын еңсеру жөніндегі міндеттерді шешу және одан әрі экономикалық өсуге дайындалу кезінде арта түседі. Әлемдік экономикалық дағдарыстың үрдісі жалпы бәсекелестікті дамытуда көрінді.

2009 жылы жүргізілген талдаулардың нәтижелері уақыт бойы темір жол саласы, отын-энергетикалық кешен және телекоммуникациялық сектор монополияланған және жоғары шоғырландырылған нарық болып қалып отырғандығын көрсетеді. Аталған салалар экономика құраушы болып табылғандықтан, аралас салаларда бәсекенің дамуына айтарлықтай әсер етеді.

Азық-түлік нарығында бәсекелестік жеткілікті дамымаған. Мұндай жағдайдың басты себептерінің бірі теңгерімнің болмауы болып табылады, бұл нарықтағы жағдайды болжауға мүмкіндік бермейді. Жеміс-көкөніс өнімдерін көтерме саудада өткізу нарығы субъектілерінің қызметі тұрақсыз болып табылады. Бұдан басқа, Агенттік жүргізген азық-түлік тауарларының импортын талдау монополиялық желіні анықтады. Орасан көп делдалдардың жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін сауда саласында заңнаманың жетілмегендігі отандық өндірістің дамуына жол бермейді.

Қазіргі уақытта қаржы нарығының жекелеген сегменттері жоғары шоғырландырылған деп сипатталады. Мысалы, кредиттік тарихты қалыптастыру нарықтары, қор нарығының инфрақұрылымдық ұйымдарының қызметтері, биржалық ақпараттарды тарату нарықтары, трансфер-агенттік қызмет көрсету нарығы.

2009 жылы Агенттік тауар нарықтарының барлығы 60 тобын талдады.

Экономикаға мемлекеттің қатысу үлесі төмендемей отыр, оның ішінде жыл сайын мемлекет қатысатын кәсіпорындар санының артуы байқалады, бұл бәсекелес ортаға кері әсер етеді. Бұл ретте бәсекенің болмауы жағдайларында мемлекеттік кәсіпорындар көрсететін негізгі қызметтерінің сапасы өте төмен, ал олардың қызметі тиімсіз және экономикалық жағынан орынсыз.

«Монополияға қарсы саясаттың тиімділігі» (90-нан тиісінше 92-орынға дейін), « жергілікті бәсекелестіктің қарқындылығы» (97-ден тиісінше 101-ге дейін) қосалқы индекстері бойынша 2008 - 2009 жылдар және 2009 - 2010 жылдар кезеңінде Дүниежүзілік экономикалық форумның Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде Қазақстанның жағдайы нашарлағаны бәсекелестіктің жеткілікті дамымауы туралы айғақ болады.

«Монополияға қарсы саясаттың тиімділігі» қосалқы индексі бойынша Қазақстан ұстанымының нашарлауының себебі 2008 жылы қолданыста болған монополияға қарсы заңнаманың жетілмегендігі болып табылады.

2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңын практикада қолдану арқылы Қазақстанның аталған индекстер бойынша ұстанымын жақсарту болжанды.

Сонымен қатар, аталған индекс бойынша елдің бәсекеге қабілеттілігін бағалауды Дүниежүзілік Экономикалық Форум 2009 жылғы 1-тоқсанда жүргізді, соған байланысты жаңа Заңды әкімшілендіру жөніндегі нәтижелер Заң күшіне енгеннен кейін екі жыл өткен соң белгілі болады.

Тұтастай алғанда, Заң кәсіпкерлік белсендіктің өсуін ынталандыруға, мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке теріс араласуын шектеуге, монополистік қызметті шектеу нысандары мен әдістерін жетілдіруге және жосықсыз бәсекелестікке жол бермеуге бағытталған.

«Жергілікті бәсекелестіктің қарқындылығы» қосалқы индексі бойынша Қазақстан ұстанымының нашарлауының себебі жетекшілік ететін салаларда мемлекеттік органдардын бәсекелестікті дамыту жөніндегі жеткіліксіз жұмысы, салалардың дамуын регламенттейтін заңның жетілмегендігі болып табылады.

Сонымен, мысалы, темір жол, энергиямен жабдықтау салаларында технологиялық жабдықтың ескірген паркі, аталған экономика құраушы салалардың инвестициялық тартымдылығының төмендігі бәсекелестіктің дамуына мүмкіндік бермейді.

Жыл сайын тауар нарықтарында бәсекелестікті шектеуге әкеп соғатын монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтардың саны артуда.

Мысалы, монополияға қарсы заңнаманың түрлі бұзушылықтарына жүргізілген тергеу нәтижесі бойынша Агенттік монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтарды жою туралы 51 нұсқама шығарды.

2009 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша монополияға қарсы заңнаманы бұзғаны үшін мемлекеттік бюджетке 1,8 млрд. астам теңге түсті.

Бүгінгі күні мемлекеттік органдардың нарыққа қатысушыларын, қоғамды бәсекелестікті дамыту (бәсекелестікті адвокаттандыру) мәселелері бойынша хабарландырудың тиімді жүйесі жоқ.

Бәсекелестікті адвокаттандыру (насихаттау) деп мынадай жағдайларды құру түсіндіріледі, әсіресе, адал бәсекелестіктің талаптарын сақтау қажеттігі, бәсекелестік

тәсілдерінің тиімділігі, монополияға қарсы заңнаманың ережелерін сақтау міндеттілігі барлық нарық қатынастарының қатысушыларына түсінікті болатын ақпарат беру.

Бәсекелестік мәселелері бойынша қоғамның хабардар болуының төмендігінің салдары монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтардың өсуіне әкеп соғуы мүмкін.

Сонымен бірге, 2009 жылы жарияланған Дүниежүзілік экономикалық форумның есебіне сәйкес Дүниежүзілік экономикалық форумның Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде «нарық үстемдігінің дәрежесі» қосалқы индексі бойынша Қазақстанның ұстанымы өткен жылмен салыстырғанда 2-тармаққа жақсарды (2008 - 2009 жж. - 89 орын, 2009 - 2010 жж. - 87 орын).

Аталған факт нарық субъектілерінің қосылу санынының азаюына әсер етті, бұл экономикалық шоғырланудың төмендегенін көрсетеді.

Сонымен, 2009 жылы экономикалық шоғырлануға рұқсат беру (227-ден 75-ке дейін) өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 33%-ға азайды.

Айтылғандарға байланысты, Агенттік өзінің стратегиялық бағытын бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау деп айқындайды.

## 3. Қызметінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері

| Атауы | өлшем бірлігі | Есепті кезең | | Жоспарлы кезең | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2008 | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Стратегиялық бағыты Бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау | | | | | | | | |
| Мақсаты Бәсеке дамымаған нарықтар санын азайту<br>Нысаналы индикаторлары 1) тиісті нарықта 70-тен 100 пайызға дейінгі үлеспен Үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілірінің мемлекеттік тізіліміндегі монополистердің үлес салмағын қысқарту: 2014 жылы - 51% (2009 жылы - 65 %, 2010 жылы - 60 %, 2011 жылы - 55 %, 2012 жылы - 54%, 2013 жылы - 53 %);<br>2) Дүниежүзілік экономикалық форумның Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде «монополияға қарсы саясаттың тиімділігі» қосалқы индексін арттыру: 2014 жылы 65-орыннан төмен емес (2008 жылы 90-орын, 2009 жылы 92-орын, 2010 жылы 88-орын, 2011 жылы 86-орын, 2012 жылы 85-орын, 2013 жылы 80-орын);<br>3) Дүниежүзілік экономикалық форумда Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде «жергілікті бәсекенің қарқындылығы» қосалқы индексін арттыру: 2014 жылы 65-орыннан төмен емес (2008 жылы 97-орын, 2009 жылы 101-орын, 2010 жылы 98-орын, 2011 жылы 95-орын, 2012 жылы 93-орын, 2013 жылы 80-орын);<br>4) Дүниежүзілік экономикалық форумның Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде «нарық үстемдігінің дәрежесі» қосалқы индексін арттыру: 2014 жылы 65-орыннан төмен емес (2008 жылы 89-орын, 2009 жылы 87-орын, 2010 жылы 86-орын, 2011 жылы 85-орын, 2012 жылы 75-орын, 2013 жылы 70-орын). | | | | | | | | |
| 1-міндет. Қоғамда бәсекелестік сананы қалыптастыру | | | | | | | | |
| Көрсеткіштері<br>Адал бәсекелестіктің артықшылықтары және негізгі қызметтер бойынша жұмыс нәтижелері туралы ақпараттық материалдар әзірлеу (БАҚ-та жариялау, теледидар мен радиодан сөз сөйлеу) | бірл. | 8 | 96 | 120 | 144 | 145 | 149 | 150 |
| Көрсеткіштері Бизнес пен мемлекеттік органдар өкілдеріне арналған монополистік | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| қызметті шектеу және жосықсыз бәсекені болдырмау жөніндегі қоғамдық іс-шаралар ( оның ішінде конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар) | бірл. | 15 | 32 | 40 | 50 | 55 | 60 | 65 |
| Көрсеткіштері Бірлескен бұйрықтар әзірлеу, мүдделі мемлекеттік органдармен үйлестіру және өзара іс-қимыл жөніндегі ынтымақтастық туралы шарттар жасасу | бірл. | 4 | 6 | - | - | - | - | - |
| 2-міндет. Тауар нарықтарындағы жағдайға жедел ден қою және оны болжау | | | | | | | | |
| Көрсеткіштері Тауар нарықтарын талдаумен қамту пайызы | % | 5 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 20 |
| Көрсеткіштері Тауар нарықтарының топтарына жүргізілген талдаулардың саны | бірл. | 40 | 60 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 |
| Көрсеткіштері: Жекелеген тауар нарықтарында бәсекелестіктің жай-күйі және монополистік қызметті шектеу жөніндегі қабылданған шаралар туралы жыл сайынғы жылдық есеп дайындау | бірл. | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 |
| Көрсеткіштері: Қарауға қабылданған экономикалық шоғырлануға арналған қолдаухаттар бойынша шешімдердің болжалды саны | бірл. | 227 | 75 | 75 | 80 | 80 | 85 | 85 |
| Бәсекелестікті дамытуға жағдай жасау бойынша әкімдіктердің рейтингін жүргізу | бірл. | - | 2 | 2 | 2 | - | - | - |
| 3-міндет. Бәсекелестік нарықтарда мемлекеттің рөлін азайту (шектеу) | | | | | | | | |
| Көрсеткіштері: 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін құрылған мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың, олармен аффилиирленген тұлғалардың одан әрі жүргізетін қызметінің орындылығы мәніне зерттелген салалардың саны | бірл. | - | 8 | 10 | 12 | - | - | - |
| Көрсеткіштері: Мемлекеттік көмек беруге қаралған қолдаухаттардың болжалды саны | бірл. | - | - | 2-5 | 2-5 | 3-6 | 3-6 | 3-6 |
| Көрсеткіштері: Қаралған мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының ( үлестерінің) елу проценттен астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың, және олармен аффилирленген тұлғалардың мемлекеттің қатысуымен мемлекеттік кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың жалпы санына үлес салмағы | % | - | 23 | 65 | 10 | | | |
| 4-міндет. Монополияға қарсы заңнама нормаларын сақтауды қамтамасыз ету | | | | | | | | |
| Көрсеткіштері: Бұзушылықтар анықталып отырған тергеулердің болжалды үлес салмағы | % | 80 | 80 | 74 | 75 | 75 | 75 | 75 |
| Көрсеткіштері: Нарық субъектілеріне қатысты монополияға қарсы заңнаманы бұзу | % | 50 | 65 | 70 | 70 | 70 | 75 | 75 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| фактілері бойынша шығарылған нұсқамалардың орындалуы | | | | | | | | |
| Көрсеткіштері: Мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттері фактілері бойынша шығарылған нұсқамалардың орындалуы | % | 40 | 60 | 70 | 70 | 70 | 75 | 75 |
| Көрсеткіштері: Тергеу жүргізу мерзімдерін ұзартудың санын қысқарту | % | - | - | 15 | 15 | 10 | 10 | 10 |
| Көрсеткіштері: Сот сатыларында жеңген істердің санын арттыру | % | 50 | 60 | 65 | 70 | 75 | 80 | 85 |

# Агенттігі стратегиялық мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

| Агенттіктің стратегиялық бағыты мен мақсаты | Іске асыруға Агенттік мақсаттары бағытталған мемлекеттің стратегиялық мақсаттары | стратегиялық құжаттың, нормативтік актінің атауы |
|---|---|---|
| Стратегиялық бағыт Бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау | | |
| Мақсаты Бәсеке дамымаған нарықтар санын азайту | «Мемлекет жекеше сектор басты рөл атқаратын нарықтың заңды шеңберлерін құра отырып, экономикада маңызды, бірақ шектеулі рөл атқаруға тиіс. Яғни, меншік құқықтарын ресімдеуге, бәсекелес нарық пен монополияға қарсы күресті реттеудің сенімді құралдарын құруға, фискальды және монетарлық саясатты қолдауға, әлеуметтік қорғау жүйесін дамытуға, қажетті инфрақұрылымды, білім беруді, денсаулық сақтауды дамытуды қамтамасыз етуге және мықты экономикалық саясат жүргізуге бағытталған құқықтық және нормативтік база жасауды аяқтау көзделіп отыр». | 3-ші ұзақ мерзімді басымдық Шетелдік инвестициялардың деңгейі жоғары, дамыған нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсуі. « Қазақстан - 2030 Стратегиясы: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, 1997 жыл |
| | «Мемлекет экономикадағы сұранысты ынталандыратын жағдайлар жасай алады және жасауға міндетті, бірақ та өндірісті өзі ұйымдастыруға немесе бақылауға тиіс емес. Мұны рынок істейді. Экономиканың салауатты жеке сұраныс бар салаларында мемлекет бәсекелес ортасын дамыту және рынокты монополияландыруға жол бермеу үшін қажетті реттеуші рөлін ғана атқаруға, ал ондай сұраныс жоқ жерлерде оны жасауға жәрдемдесуі тиіс». | 1. басымдық Қазақстан экономикасын жаңарту және оған серпінді сипат беру, олар өзара байланысты міндеттер кешенін шешуді көздейді. 4. Экономиканың өсуін қамтамасыз етудің жаңа бағыттарын қалыптастыру. « Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы». |
| | Үшінші. Экономикамыздың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудегі айрықша миссияны менің тапсырмам бойынша жаңадан құрылған Бәсекелестікті қорғау агенттігі атқаратын болады. Агенттіктің өкілеттіктерін кеңейту бағаға қатысты «ауыз жаласуға», адал емес бәсекелестікке, рынок субъектілерінің | «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты |

| | | |
|---|---|---|
| | өздерінің үстемдікті және монополиялық жағдайларын бұра пайдаланушылығына қарсы күресті қамтамасыз етіп, қазақстандық бизнестің әлемдегі ұстанымын нығайтуға тиіс. | мақсаты» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауы |
| | «Аса ірі монополистерді қайта құрылымдау мен бәсекелестік қатынастарды дамыту есебінен біздің табиғи монополиялар аясын қысқартуымыз қажет». | Бірінші міндет - экономиканың тұрлаулы дамуын қамтамасыз етіп, қолдау ғана емес, оның өсуін басқару. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауы |

## 4. Функционалдық мүмкіндіктері

Агенттік «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қазандағы № 425 Жарлығына сәйкес құрылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы № 141 қаулысына сәйкес құрылған Агенттіктің жұмыс істеп тұрған құрылымы бес департаменттен және жеті аумақтық бөлімшелерден (өңіраралық инспекциялардан) тұрады. Құрылым, тұтастай алғанда, мемлекеттік органның алдына қойған міндеттеріне қол жеткізуге жауап береді.

Органның кадр құрамының кәсіби деңгейін нығайту мен арттыру жөнінде шаралар қабылдануда. Тұрақты негізде Еуропа одағының, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің, Дүниежүзілік банктің, АҚШ халықаралық даму агенттігінің (USAID) халықаралық сарапшыларын тарта отырып семинарлар өткізілетін болады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру курстары өтеді.

Шетелдердің монополияға қарсы ведомстволарымен және бәсекелестікті қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдармен ынтамақтастықты нығайту жалғасуда.

Ақпараттық материалдарды жариялау, курстар, семинарлар, конференциялар өткізу жолымен мемлекеттік органдардың жұмыс тәжірибесінде, нарық субъектілері іскерлік айналымының дәстүріне бәсекелестікті қорғау мен дамытуды насихаттауға бағытталған ақпараттандыру жүйесі (бәсекелестікті адвокаттандырау) енгізіледі.

Бәсекелестікті қорғау саласындағы, оның ішінде Дүниежүзілік экономикалық форумының Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде Қазақстанның ұстанымын жақсарту бойынша Агенттіктің ғана емес, басқа да жергілікті және орталық атқарушы органдарының күштерін шоғырландыру талап етіледі.

Осыған байланысты, бәсекелестікті дамыту және қорғау мәселелерінде сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту қажет бола түсуде. Аталған бағытта Агенттік Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен

Агенттік төрағасы арасында қол қойылған Меморандумға орталық мемлекеттік органдармен сектораралық келісімді әзірлеу және қабылдау бойынша жұмысты жалғастыратын болады. Бұдан басқа, Агенттік өңірлерде бәсекелестікті дамыту бойынша жергілікті атқарушы органдардың (әкімдіктердің) рейтингін әзірледі.

«Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Агенттік мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды өңдейді, мемлекеттік саясатты іске асырады, бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асырады.

Осыған байланысты, Агенттік бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес тауар нарықтарына талдау жүргізуде, соның нәтижесі бойынша Үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне тиісті өзгерістер енгізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметіне және сол немесе өзге де салаларға жетекшілік ететін мемлекеттік органдарға бәсекелестіктің жай-күйі туралы талдамалық зерттеулердің нәтижесін және бәсекелестікті одан әрі дамыту мен нарыққа қол жетімділік тосқауылдарын жою мақсатында ұсыныстарды жібереді.

Құқық қорғау органдарына монополияға қарсы қылмыстық заңнаманы бұзу фактілері бойынша материалдарды жібереді.

## Ведомствоаралық өзара іс-қимыл

Таңдап алынған стратегиялық бағыт бойынша қойылған мақсаттарға қол жеткізуде Агенттік көп жағдайда басқа да мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың тиімді дәрежесіне тәуелді болады.

| Стратегиялық бағыт | Мемлекеттік орган | Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен іс-шаралар |
|---|---|---|
| Бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау | ТМРА, АБА | табиғи монополиялар субъектілерінің инфрақұрылымына қол жетімділікті беру жөніндегі бақылауды күшейту |
| | ЭМРМ, ККМ, АШМ, ИСМ, АБА, ТМРА, ҚҚА | салаларда (секторларда) бәсекелестікті дамыту жөнінде шаралар қабылдау, кедергілерді жою |
| | Қаржымині, СА | тауар нарықтарына, экономикалық шоғырлануға талдау жүргізу үшін қажетті ақпараттарды беру |
| | ЭСЖҚА | іс жүргізу және әкімшілік шаралар қабылдау |
| | СІМ | халықаралық ынтымақтастық мәселелері жөнінде өзара іс-қимыл |
| | Облыстар мен Алматы, Астана қалаларының әкімдіктері | өңірлерде бәсекелестікті дамыту жөнінде шаралар қабылдау |

## Ықтимал қатерлер

Қызмет үдерісінде және функцияларды іске асыруда Агенттік мемлекеттік орган тарапынан бақылауға бағынбайтын және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге кедергі келтіруі мүмкін мынадай бірқатар тәуекелдердің (жағдайлардың, құбылыстардың) туындауына ұшырауы мүмкін:

Дүниежүзілік экономикалық форумының Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингіндегі индексті есептеудің тәсілдерін, әдіснамасын өзгерту және озық елдер санының ұлғаюы;

бәсекелестікті дамыту бойынша жергілікті және атқарушы органдардың жеткіліксіз жұмысы;

әлемдік қаржы дағдарысы.

## 5. Нормативтік құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы;
2. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі;
3. «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25 желтоқсандағы Заңы;
4. «2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 7 желтоқсандағы Заңы;
5. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығы;
6. «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы 141 қаулысы.

## 6. Бюджеттік бағдарламалар

Ескерту. 6-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.08 № 536 Қаулысымен.

Агенттіктің 2009 жылға арналған стратегиялық жоспарының мақсаттарына қол жеткізу үшін 2009 жылы 468 568 мың теңге, 2010 жылы - 493 416 мың теңге, 2011 жылы - 584 581 мың теңге, 2012 жылы - 642 471 мың теңге талап етіледі. Барлығы үш жылға - 1 720 468 мың теңге. Агенттіктің стратегиялық жоспарына сәйкес «Бәсекелестікті қорғауды, монополиялық қызметті шектеуді және жосықсыз бәсекені болдырмауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы әзірленді. Агенттікті материалдық-техникалық жарақтандыруға жеке бөлінген.

## 001 бюджеттік бағдарламасы

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік) | | | | | | | | |
| Бюджеттік бағдарлама | 001 «Бәсекелестікті қорғау, монополиялық қызметті шектеу және жосықсыз бәсекеге жол бермеуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» | | | | | | | | |
| Сипаттама | Экономикалық шоғырлануға талдау, мониторинг жүргізуді және бақылауды қамтамасыз ету, бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттер мен жосықсыз бәсекеге қарсы фактілерінің жолын кесу, стратегиялық жоспарлау, үйлестіру және халықаралық ынтымақтастық, бәсекелестікті адвоаттандыру | | | | | | | | |
| Көрсеткіштер | | | | | | | | | |
| Көрсеткіштің атауы | | Өлш. бірл. | Есепті кезең | | Жоспарлы кезең | | | | |
| | | | 2008 | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Стратегиялық жоспарлау, үйлестіру және халықаралық ынтымақтастық | | | | | | | | | |
| Стратегиялық бағыты | Бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау | | | | | | | | |
| Мақсаты | Бәсеке дамымаған нарықтар санын азайту Монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтың алдын алу және жолын кесу | | | | | | | | |
| Міндеттері | 1. Қоғамда бәсекелестік сананы қалыптастыру | | | | | | | | |
| Сан көрсеткіштері | Адал бәсекелестіктің артықшылықтары және негізгі қызметтер бойынша жұмыс нәтижелері туралы ақпараттық материалдар әзірлеу (БАҚ-та жариялау, теледидар мен радиодан сөз сөйлеу) | бірл. | 48 | 96 | 120 | 144 | 145 | 149 | 150 |
| | Бизнес пен мемлекеттік органдар өкілдеріне арналған монополистік қызметті шектеу және жосықсыз бәсекені болдырмау жөніндегі, оның ішінде халықаралық сарапшылардың қатысуымен қоғамдық іс-шаралар (оның ішінде конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар) | бірл. | 15 | 32 | 40 | 50 | 55 | 60 | 65 |
| | Мүдделі мемлекеттік органдармен үйлестіру және өзара іс-қимыл бойынша ынтымақтастық жөніндегі бірлескен бұйрықтар әзірлеу, шарттар жасасу | бірл. | 4 | 6 | - | - | - | - | - |
| | Агенттік алқасының жұмысын қамтамасыз ету | бірл. | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 |
| | Агенттіктің қызметі туралы жоғары тұрған органдарға есеп | бірл. | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 |
| | Жекелеген тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйі және монополистік қызметті шектеу жөнінде | бірл. | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | | 1 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қабылданған шаралар туралы жылдық есеп дайындау | | | | | | | 1 | |
| | Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңес отырыстарына материалдар дайындау | бірл. | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 |
| | ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтарын бірлесіп тергеу жөніндегі штабтың отырыстарына материалдар дайындау | бірл. | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 |
| | Агенттік қызметінің ағымдағы жылға арналған меморандумын әзірлеу | бірл. | - | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 |
| | Агенттіктің операциялық жоспарын әзірлеу | бірл. | - | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 |
| Сапа көрсеткіштері | | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Тиімділік көрсеткіштері | | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Нәтиже көрсеткіштері | Агенттік жоспарлаған іс-шаралардың уақтылы және сапалы орындалуы | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| | Агенттік алған халықаралық міндеттемелердің орындалуы | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| | Халықтың, нарық субъектілерінің, мемлекеттік органдардың монополияға қарсы саясат туралы ақпараттануын (сайтқа кіру) арттыру | бірл. | 15 000 | 30 000 | 100 000 | 120 000 | 130 000 | 140 000 | 145 000 |
| Экономикалық шоғырлануға талдау, мониторинг жүргізу және бақылауды қамтамасыз ету | | | | | | | | | |
| Стратегиялық бағыты | Бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау | | | | | | | | |
| Мақсаты | Бәсеке дамымаған нарықтар санын азайту | | | | | | | | |
| Міндеттері | 1. Тауар нарықтарындағы жағдайға жедел ден қою және оны болжау 3. Бәсекелес нарықтарда мемлекеттің рөлін азайту (шектеу) | | | | | | | | |
| | Тауар нарықтары топтарына жүргізілген талдаулардың саны | бірл. | 40 | 60 | 50-60 | 50-60 | 50-65 | 50-70 | 50-70 |
| | Тауар нарықтарына талдау жүргізу бойынша әзірленген және енгізілген әдістемелік ұсынымдардың болжалды саны | бірл. | 2 | 4 | 6 | 6 | 6 | - | - |
| | Экономикалық шоғырлануға қарауға қабылданған қолдаухаттар бойынша шешімдердің болжалды саны | бірл. | 227 | 75 | 75 | 80 | 80 | 85 | 85 |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Көрсеткіштері: Мемлекеттік көмек беруге қаралған қолдаухаттардың болжалды саны | бірл. | - | - | 2-5 | 2-5 | 3-6 | 3-6 | 3-6 |
| | Қызметтері бойынша мониторинг жүргізілетін Тиісті тауар нарығында үстем (монополиялық ) жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізілімінде тұратын нарық субъектілерінің болжалды саны | бірл. | 700 | 650 | 645 | 640 | 630 | 630 | 625 |
| | Өткізілген Әдістемелік кеңес отырыстарының саны | бірл. | 13 | 15 | 15 | 15 | 15 | 16 | 17 |
| Сапа көрсеткіштері | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Тиімділік көрсеткіштері | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Нәтиже көрсеткіштері | Тиісті тауар нарығында үстем ( монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізілімінен алып тасталған нарық субъектілерінің болжалды саны. | бірл. | 30-40 | 40-50 | 20-30 | 20-30 | 20-30 | 20-30 | 20-30 |
| Агенттіктің қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету | | | | | | | | | |
| Стратегиялық бағыт | Бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау | бірл. | | | | | | | |
| Мақсаты | Бәсеке дамымаған нарықтар санын азайту | | | | | | | | |
| Міндеті | Қоғамда бәсекелестік сананы қалыптастыру | | | | | | | | |
| Сан көрсеткіштері | Қаржылық, жедел қызмет туралы есептердің болжалды саны | бірл. | 37 | 49 | 150 | 150 | 150 | 150 | 150 |
| | Кадрлық қамтамасыз ету бойынша есептер саны | бірл. | 15 | 26 | 40 | 40 | 40 | 40 | 40 |
| | Қызметкерлерді біліктілікті арттыру курстарында оқыту | адам | - | 180 | 116 | 120 | 125 | 125 | 125 |
| Тиімділік көрсеткіштері | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Нәтиже көрсеткіштері | Бюджеттік бағдарламаларды тиімді және сапалы орындау | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| | Электрондық форматта өңделген құжаттар санының өсуі | % | 3 | 17 | 30 | 50 | 80 | 85 | 90 |
| | Кадрлардың тұрақсыздығын азайту | % | 45 | 40 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 |
| | Басшы лауазымдардағы әйелдердің өкілдігі, кем емес | % | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 |
| Бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттер мен жосықсыз бәсекелестік фактілерінің жолын кесу | | | | | | | | | |
| Стратегиялық бағыт | Бәсекелестікті дамытуға жағдай жасау | | | | | | | | |
| Мақсаты | Монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Міндеті | 3. Бәсекелестік нарықтарда мемлекеттің рөлін азайту (шектеу)<br>4. Монополияға қарсы заңнама нормаларының сақталуын қамтамасыз ету | | | | | | | |
| Сан көрсеткіштері | Азаматтардың және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қараудың болжалды саны | бірл. | 30 | 30 | 25 | 20 | 20 | 20 |
| | Монополияға қарсы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылыққа тартылған субъектілердің болжалды саны | бірл. | 80 | 76 | 74 | 72 | 70 | 66 |
| | Тергеу жүргізу мерзімін ұзартудың санын қысқарту | % | - | - | 15 | 15 | 10 | 10 |
| | Әкімшілік жаза қолдану туралы шығарылған қаулылардың жалпы санына әкімшілік жаза қолдану туралы орындалған қаулылардың үлес салмағы | % | 70 | 72 | 74 | 75 | 75 | 75 |
| | Бұзушылықтарды анықтай отырып тергеулердің болжалды үлес салмағы | бірл. | 80 | 80 | 74 | 75 | 75 | 75 |
| | Монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтың анықталған фактілері бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруді қамтамасыз ету | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| Сапа көрсеткіштері | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Тиімділік көрсеткіштері | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Нәтиже көрсеткіштері | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Құқықтық қамтамасыз ету, сот процестеріне қатысу | | | | | | | | |
| Стратегиялық бағыт | Бәсекелестікті дамытуға жағдай жасау | | | | | | | |
| Мақсаты | Монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу | | | | | | | |
| Міндеттері | 4. Монополияға қарсы заңнама нормаларының сақталуын қамтамасыз ету | | | | | | | |
| Сан көрсеткіштері | Монополияға қарсы органның қатысуымен өтетін сот процестерінің болжалды саны | бірл. | 121 | 80 | 80 | 80 | 75 | 70 |
| | Жүргізілген құқықтық сараптаманың болжалды саны | бірл. | 100 | 100 | 110 | 120 | 120 | 125 |
| | Өткізілген Сараптамалық кеңес отырыстарының саны | бірл. | 3 | 5 | 2 | 3 | 3 | 3 |
| Сапа көрсеткіштері | | | | | | | | |
| Тиімділік көрсеткіштері | - | | - | - | - | - | - | - |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Нәтиже көрсеткіштері | Келіп түскендердің жалпы санынан сот сатыларында жеңіп алынған істердің санын арттыру | % | 50 | 60 | 65 | 70 | 75 | 80 | 85 |
| | Жеке кәсіпкерлік субъектілер құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар | - | мың теңге | 217 942 , 2 | 465 241 | 489 541 | 580 609 | 638 142 | | |

## 002 Бюджеттік бағдарламасы

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарлама әкімшісі | Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік) | | | | | | |
| Бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) | 002 «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігін материалдық-техникалық жарақтандыру» | | | | | | |
| Сипаттамасы | Қазақстан Республикасының тауар нарықтарында адал және жосықсыз бәсекелестікті қорғау бойынша Агенттікке жүктелген міндеттер мен функцияларды тиімді орындау | | | | | | |
| Стратегиялық бағыты | Бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау | | | | | | |
| Мақсаты | Бәсеке дамымаған нарықтар санын азайту | | | | | | |
| Міндеттері | Қоғамда бәсекелестік сананы қалыптастыру Тауар нарықтарына жедел ден қою және болжау Бәсекелестік нарықтарда мемлекеттің рөлін азайту (шектеу) Монополияға қарсы заңнама нормаларының сақталуын қамтамасыз ету | | | | | | |
| Көрсеткіштер | | | | | | | |
| | Көрсеткіштің атауы | Өлш. бірл. | Есепті кезең | | Жоспарлы кезең | | |
| | | | 2008 | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| Сан көрсеткіштері | Негізгі құралдарға жататын басқа тауарларды сатып алу | бірл. | 1 854 | 2 | - | - | - |
| | Негізгі қаражатқа жатпайтын басқа да тауарларды сатып алу | бірл. | - | - | 70 | 70 | 70 |
| Сапа көрсеткіштері | - | - | - | - | - | - | - |
| Тиімділік көрсеткіштері | - | - | - | - | - | - | - |
| Нәтиже көрсеткіші | Агенттіктің аппаратын материалдық қамтамасыз ету | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| Бағдарламаны іске асырудың шығыстары | - | мың теңге | 4 403, 2 | 3 327 | 3 875 | 3 972 | 4 329 |

## 004 бюджеттік бағдарламасы

| | |
|---|---|
| Бюджеттік бағдарлама әкімшісі | Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік) |
| | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) | 004 «Бәсекелестік саясатты дамыту және қорғау орталығы» акционерлік қоғамын құру» | | | | | | | |
| Сипаттамасы | Қазақстан Республикасының тауар нарықтарында адал және еркін бәсекелестікті қорғау бойынша Агенттікке жүктелген міндеттер мен функцияларды тиімді орындау | | | | | | | |
| Стратегиялық бағыты | Бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау | | | | | | | |
| Мақсаты | Бәсеке дамымаған нарықтар санын азайту | | | | | | | |
| Міндеттері | Қоғамда бәсекелестік сананы қалыптастыру Тауар нарықтарындағы жағдайға жедел ден қою және оны болжау Бәсекелестік нарықтарда мемлекеттің рөлін азайту (шектеу) | | | | | | | |
| Көрсеткіштің атауы | | Өлш. бірл. | Есепті кезең | | Жоспарлы кезең | | | |
| | | | 2008 | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | |
| Сан көрсеткіштері | - | - | - | - | - | - | - | |
| Сапа көрсеткіштері | - | - | - | - | - | - | - | |
| Тиімділік көрсеткіштері | - | - | - | - | - | - | - | |
| Нәтиже көрсеткіші | - | - | - | - | - | - | - | |
| Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар | - | мың теңге | 90 000 | - | - | - | - | |

## Бюджеттік шығыстар жиынтығы

| Бағдарлама атауы | Есепті кезең | | Жоспарлы кезең | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2008 | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 |
| Қолданыстағы бағдарламалар, оның ішінде | | | | | |
| Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар | 2 2 2 345,4 | 468 568 | 480 760 | 5 8 4 581 | 642 471 |
| Дамудың бюджеттік бағдарламалары | 90 000 | - | - | - | - |
| Әзірлеуге ұсынылған бағдарламалар, оның ішінде | | | | | |
| Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар | 2 2 2 345,4 | 468 568 | 480 760 | 5 8 4 581 | 642 471 |
| Мемлекеттік орган шығыстарының барлығы, оның ішінде: | 3 1 2 345,4 | 468 568 | 480 760 | 5 8 4 581 | 642 471 |
| Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар | 2 2 2 345,4 | 468 568 | 480 760 | 5 8 4 581 | 642 471 |
| Дамудың бюджеттік бағдарламалары | 90 000 | - | - | - | - |

## Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер және бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстарды бөлу

Ескерту. Кестеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.08 № 536 Қаулысымен.

мың теңге

| Атауы | Есепті кезең | | Жоспарлы кезең | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2008 | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Стратегиялық бағыт Бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау | | | | | |
| Мақсаты: Бәсеке дамымаған нарықтар санын азайту Мақсатты индикаторлар 1) тиісті нарықта 70-тен 100 пайызға дейінгі үлеспен Үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміндегі монополистердің үлес салмағын қысқарту: 2014 жылы - 51% (2009 жылы - 65 %, 2010 жылы - 60 %, 2011 жылы - 55 %, 2012 жылы - 54%, 2013 жылы-53%); 2) Дүниежүзілік экономикалық форумның Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде «монополияға қарсы саясаттың тиімділігі» қосалқы индексін арттыру: 2014 жылы 65-орыннан төмен емес (2008 жылы 90-орын, 2009 жылы 92-орын, 2010 жылы 88-орын, 2011 жылы 86-орын, 2012 жылы 85-орын, 2013 жылы 80-орын); 3) Дүниежүзілік экономикалық форумда Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде «жергілікті бәсекенің қарқындылығы» қосалқы индексін арттыру: 2014 жылы 65-орыннан төмен емес (2008 жылы 97-орын, 2009 жылы 101-орын, 2010 жылы 98-орын, 2011 жылы 95-орын, 2012 жылы 93-орын, 2013 жылы 80-орын); 4) Дүниежүзілік экономикалық форумның Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде «нарық үстемдігінің дәрежесі» қосалқы индексін арттыру: 2014 жылы 65-орыннан төмен емес (2008 жылы 89-орын, 2009 жылы 87-орын, 2010 жылы 86-орын, 2011 жылы 85-орын, 2012 жылы 75-орын, 2013 жылы 70-орын) | | | | | |
| 1-міндет. Қоғамда бәсекелестік сананы қалыптастыру | | | | | |
| 001 «Бәсекелестікті қорғау, монополиялық қызметті шектеу және жосықсыз бәсекеге жол бермеуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы | 2 1 7 942,2 | 465 241 | 489 541 | 580 609 | 638 142 |
| 002 «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігін материалдық-техникалық жарақтандыру» кіші бағдарламасы | 4 403,2 | 3 327 | 3 875 | 3 972 | 4 329 |
| 004 «Бәсекелестік саясатты дамыту және қорғау орталығы» акционерлік қоғамын құру» бюджеттік бағдарламасы | 90 000 | - | - | - | - |
| 2-міндет. Тауар нарықтарындағы жағдайға жедел ден қою және оны болжау | | | | | |
| 001 «Бәсекелестікті қорғау, монополиялық қызметті шектеу және жосықсыз бәсекеге жол бермеуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы | 2 1 7 942,2 | 465 241 | 489 541 | 580 609 | 638 142 |
| 002 «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігін материалдық-техникалық жарақтандыру» кіші бағдарламасы | 4 403,2 | 3 327 | 3 875 | 3 972 | 4 329 |
| 004 «Бәсекелестік саясатты дамыту және қорғау орталығы» акционерлік қоғамын құру» бюджеттік бағдарламасы | 90 000 | - | - | - | - |
| 3-міндет. Бәсекелестік нарықтарда мемлекеттің рөлін азайту (шектеу) | | | | | |
| 001 «Бәсекелестікті қорғау, монополиялық қызметті шектеу және жосықсыз бәсекеге жол бермеуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы | 2 1 7 942,2 | 465 241 | 489 541 | 580 609 | 638 142 |
| 002 «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігін материалдық-техникалық жарақтандыру» кіші бағдарламасы | 4 403,2 | 3 327 | 3 875 | 3 972 | 4 329 |
| 004 «Бәсекелестік саясатты дамыту және қорғау орталығы» акционерлік қоғамын құру бюджеттік бағдарламасы | 90 000 | - | - | - | - |
| 4-міндет. Монополияға қарсы заңнама нормаларының сақталуын қамтамасыз ету | | | | | |
| 001 «Бәсекелестікті қорғау, монополиялық қызметті шектеу және жосықсыз бәсекеге жол бермеуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы | 2 1 7 942,2 | 465 241 | 489 541 | 580 609 | 638 142 |
| 002 «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігін материалдық-техникалық жарақтандыру» кіші бағдарламасы | 4 403,2 | 3 327 | 3 875 | 3 972 | 4 329 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 001 «Бәсекелестікті қорғау, монополиялық қызметті шектеу және жосықсыз бәсекеге жол бермеуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша барлығы | 2 1 7 942,2 | 465 241 | 489 541 | 580 609 | 638 142 |
| Агенттік бюджетінің жиыны: | 3 1 2 345,4 | 468 568 | 493 416 | 584 581 | 642 471 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК